**Шымкент қаласы**

**№53 «Ер -Асыл» бөбекжай- бақшасы**

**Мектепалды даярлық «Жауказын» тобы**

**Тақырыбы:**

# 1-ші Қыркүйек Білім күні

**Тәрбиеші: Есенбаева Г**

**2022-2023 жыл**

**Мақсаты: Балаларға жақсы көніл күй сыйлау, балаларға 1-ші қыркүйек күні- білім күні жайында түсінік беру, балабақшасына деген сүйіспеншілігін арттыру**

**Жүргізуші:** Қымбатты балалар. Құрметті ата–аналар мен ұжымдастар. Бүгінгі күн бәрімізге өте ерекше күн, алғашқы қоңырау соғылып, білімнің жаңа оқу жылы басталды. Жадыраған жаз да аяқталып, жомарт күз келді. Бүгін күздің алғашқы күні 1-қыркүйек. Бұл ата-аналар үшін де,балалар үшін де,тәрбиеші үшін өте қуанышты күндердің бірі.Жаз бойы демалған оқушылар үлкен сағынышпен мектептеріне оралып жатса, сендер де өз жастарына лайықты білім алып, тәрбие алып жүрсіндер.Білімге талпынған балапандар қанаттарың қатая берсін! Білім күні құтты болсын!

**Әнұран**

**Балалардың тақпақтары:**

**Алиасқар: Соғылсын қоңырау соғылсын**

**Сыңғырла мәңгілік сыңғырла**

**Толқыған жүректер тоғысын**

**Толтырып бір арна, бір жылға**

**Шаттықтың үніндей мәңгілік**

**Соғылсын қоңырау соғылсын**

**Қуаныш әніндей жаңғырып**

**Жүректер ақ нұрға соғылсын**

**Алихан: Биыл мен де бақшаға**

**Даярлық топқа барамын**

**Мақсаты: Балаларға жақсы көніл күй сыйлау, балаларға 1-ші қыркүйек күні- білім күні жайында түсінік беру, балабақшасына деген сүйіспеншілігін арттыру**

**Жүргізуші:** Қымбатты балалар. Құрметті ата–аналар мен ұжымдастар. Бүгінгі күн бәрімізге өте ерекше күн, алғашқы қоңырау соғылып, білімнің жаңа оқу жылы басталды. Жадыраған жаз да аяқталып, жомарт күз келді. Бүгін күздің алғашқы күні 1-қыркүйек. Бұл ата-аналар үшін де,балалар үшін де,тәрбиеші үшін өте қуанышты күндердің бірі.Жаз бойы демалған оқушылар үлкен сағынышпен мектептеріне оралып жатса, сендер де өз жастарына лайықты білім алып, тәрбие алып жүрсіңдер.Білімге талпынған балапандар қанаттарың қатая берсін! Білім күні құтты болсын!

**Әнұран**

**Балалардың тақпақтары:**

**Алиасқар: Соғылсын қоңырау соғылсын**

**Сыңғырла мәңгілік сыңғырла**

**Толқыған жүректер тоғысын**

**Толтырып бір арна, бір жылға**

**Шаттықтың үніндей мәңгілік**

**Соғылсын қоңырау соғылсын**

**Қуаныш әніндей жаңғырып**

**Жүректер ақ нұрға соғылсын**

**Алихан: Биыл мен де бақшаға**

**Даярлық топқа барамын**

**.танбаймын мен текке**

**.айын дәптер қаламым**

**Сұлтанахмет: Балабақша есігін**

**Үшке тола ашқанбыз**

**Балапандай мінелеп**

**Өсіруде бақшамыз**

**Алихан: Қиындықтан өтуге**

**Армандарға жетуге**

**Білім алам ерінбей**

**Еліме қызмет етуге**

**Нұрислам: Кел кел досым бақшаға**

**Естимісің үнімді**

**Сауат ашып тіл дамытып**

**Үйренейік білімді**

**Ғажайып сәт:**
**Жүргізуші: Жалқаубек келеді! Жалқаубектің музыкасы**
**ЖАЛҚАУБЕК**: Ой, балалар, мында не болып жатыр? Кеттік, балалар, ойнауға, менімен ойнағыларың келіп тұр-ау деймін.

**БИЕШІ:** Жалқаубек мұның не? Мерекелік киімінді киіп келмейсін

үгін бізде мереке,1-Қыркүйек - білім күні, барлық мектептерде, балабақшаларда осы мерекені тойлап жатыр.

**ЖАЛҚАУБЕК:** Әй балалар мектеп дей ме? Мектепте біздің апаларымыз, ағаларымыз окиды. Біз басымызды ауыртып кайтеміз, оданда жүріндер ойнайық.
**ТӘРБИЕШІ:** Жалқаубек сіз бізбен бірге болып, бүгінгі мерекені тамашаланыз. Біздің балалар өнерлі, алғыр. Ал сіздің кандай өнерініз бар?
**ЖАЛҚАУБЕК:** салтанатын тамашалайық Мен жалқау болсамда өнерлімін! Мен би билей аламын.
**ТӘРБИЕШІ:** Біздің өнерлі балаларымыз сізбен бірге билегісі келеді екен. ҚәнекейЖалкаубекпен балаларымыздың өнерін тамашалайык!

**Би: жалкаубек**

**Ойын: «Өз түсінді тап»**
**Шарты:** Еденге төрт түсті гүлдер қойылады, сол түстерге карап карындаштар беріледі. Әуенмен билеп жүрін, әуен токтағанда өз түсіне сәйкес гүлдің тұсына тұрып үлгеру керек.
**Жалкаубек:** Балалар, сендер түстерді жақсы айыра алады екенсіндер. Мен сендерге ризамын.Мен де сендер сияқты тап таза болып жуынып, киініп оку окуға дайындалғым келеді.Мені өздеріңнін катарларына косындаршы.
**Ортаға әсем әуенмен білім ханшайымы кіреді.**
Білім ханшайымы:Сәлеметсіндерме балалар! Сендерді бүгінгі білім күні мерекесімен құттыктаймын
Сіздерге сәт сапар! Жаңа оку жылын коңыраудың сыңғырымен бастау-жылдар бойы жалғасын тауып келе жатқан қалыптасқан дәстүр. Ендеше биылғы 2021-2022ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОҢЫРАУЫН Алиаскар мен Айша бүлдіршіндерімізге СОҒУДЫ ҰСЫНАМЫЗ!

Алғашкы коңырау соғу!





Шымкент қаласы

№53 «Ер -Асыл» бөбекжай- бақшасы

Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы

Тақырыбы:

# Қош бол даярлық

Тәрбиеші: Есенбаева Г

2022-2023 жыл

Тақырыбы: Қош бол даярлық.

Мақсаты : Балаларды мектепке дайындау,білімдерін пысықтау,Балабақша мектеп айырмашылығын түсіндіру.Ұстаз тәрбиеші ұғымын қалыптастыру,мектеп құралдары туралы танымын кеңейту.Іс-шара арқылы мәдениетілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі : Портфель,қалам, ручка,тақта,сахналық киімдер, ойыншықтар,шарлар,кубиктер, пленеграф,

Микрофон,кітаптар.банер.қоңырау.

Музыка қосылып залға 2-тәрбиеші кіреді.Қоштасу кешімен құттықтап ертеңгілік тізгінін қолға алады.

1-тәрбиеші : Бала бала, баламыз.

Балабақшаға барамыз.

Күні бойы қызыққа.

Батамызда қаламыз,- деп жүрген балалар бүгін ержетіп бойжетіп түлеп ұшқалы отыр.

2-тәрбиеші: 6-жасқа толып мектепке барады не деген зымыраған уақыт.

2023-жыл Болашақ мектепалды даярлық тобының ұл-қыздарын ортаға шақырайық. Қызыл кілемше үстімен Қол ұстасып кіріп келеді.Музыка ырғағымен бірнеше қимыл іс-әрекет жасайды.

1-тәрбиеші :Сан рет түлектерімді ұшырсамда қимастық билеп тұрғанай дейді.Иә дұрыс айтасыз өз балаңыздай болып кетті шәкірттеріңіз.Балалар өздеріңде де қимастық бар сезіп тұрмын.

Балалар біз сізді құрметтейміз сағынамыз келіңдер балалар Тәрбиеші апайым өлеңін айтып берейік,

Ән :Тәрбиеші әні хор.

2-Тәрбиеші :Балалар келген кездерің естеріңдеме

Слайд көрсетіледі.Балалар балалабақшадағы қызықтарынан.  Не уйрендік өнерімізді көрсетейік .

Би :Қыздар Папурий би .кітаппен

1-тәрбиеші сендерге сұрақтарым бар.

Мектеп құралдарын атап бер.?Балалар жауап береді.

Балабақшада не уйрендік?Ән айту,би билеу,оқу,жазу,

Достар табуды, әңгімелеуді уйрендік.

2-тәрбиеші Көрініс:Тілші келеді .

Балаларға сұрақтар қойып ойын-тапсырма жасатады.

Үстел устінде тапсырмаларды орындайды. Балалар екі топқа бөлініп жарысады Есеп, жұмбақ шешеді.

Тілші самолетпен ұшып келгендігін балаларды суретке түсіріп Шардағы сөздерді буындап оқытады.

1-Тәрбиеші:Ән Мектепке барамын Жасмина орындайды.

2-Тәрбиеші :Тағы қандай өнерлерің бар.

Би:Вальс

2-тәрбиеші :Балабақша ұжымына Алғыс өлеңдері арнап айтып береді.

Ұл-қыздар жаттауларын арнайдыБарлық бала жаттау айтады.

1-Бала

Орын берген бақшадан
Меңгеруші жақсы адам
Сондықтанда біз үшін
Артық өзі басқадан

2-бала

Оқимыз білім аламыз
Болашақ жолын саламыз
Бақшаменен қоштасып
Біріншіге барамыз.

1-тәрбиеші:Тілші сіздің тапсырмаларыңыз өте қызық.

Сізге Барлық бала плещмов билерін билесін ұл-қыз қосылып плещмов билейді.

Тілші өзі акелген сыйлықтарын таратып береді .

2- тәрбиеші : Ақ жол тілеп балалар шарларын ұшырады тілек тілеп. Ертеңгілік соңына жетті.

**Шымкент қаласы**

**№53 «Ер -Асыл» бөбекжай- бақшасы**

**Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы**

**Тақырыбы:**

# Біз мектепке дайынбыз

**Тәрбиеші: Есенбаева Г**

**2022-2023 жыл**

Тақырыбы: Біз мектепке дайынбыз.

Мақсаты:Жыл бойы өтілген тақырыптарды қайталау пысықтау.Әріптерді сандарды меңгерту ,құстар жәндіктер ,жануарлар ,өсімдіктер туралы алған білімдерін жетілдіру.Білімдерін есте сақтау қабілетін дамыту, өз шығармашылығын жасауын жылдамдату.

Әңгімелеу , оқу ,жазу санай білу,ертегі мазмұнын түсіне алуға тәрбиелеу.Мектепке баруға дайындау.

Көрнекілігі :Оқу құралдары,балауыз,бояу,салфетка,

Пломастер,микрофон, интертақта,шарлар,әліпби,пленеграф,смайлик, сахна киімдері,кітаптар, дидактикалық материалдар. ,танграмм, карточка.

Тәрбиеші:Балалармен қонақтармен амандасады.

Үш тілде:

Хеллоу-Здраствуйте-Салем.

Тәрбиеші: Балалар бүгін қандай күн?Ауа райы қандай болып тұр?Балалар жауап береді.

Қорытынды оқу қызметімізді бастаймыз.Жыл бойы өтілген 5-дағды бойынша жаңа стандарт бойынша оқу қызметін .

Шаттық шенбері...

Біз мектепке барамыз !

Қолға қалам аламыз...

Жақсы оқып сабақты .

Кілең бестік аламыз.!

Жыл бойы неше оқу қызметін оқып білдік?

Балалар жауап береді. 17 Оқу қызметінен жазу,оқу ,есептеу,сурет салу,мусіндеу,жапсыру,денені шынықтыру.құрастыру,әңгімелеуді үйрендік.

Тәрбиеші:Ал балалар енді білімдеріңді пысықтайтын уақыт жетті.Интерактивті тақтадан балаларға әліпби көрсетіліп кез- келгенін таяқшамен нұсқағанда бала

тұрып дауыстыма дауыссызба айтып сол әріпке мысад келтіріп буынға бөліп дыбыстық талдау жасайды,оқиды тақтаға жазады.

1-ден 20-дейінгі сандарды жазып атап ,кері оң санайды, жұп тақсан екенін ажыратып,уш тілде санап береді,есептер шығарады.

Тәрбиеші: Сергіту әтін жасап сергіп алайық.

Музыкамен турлі қалыпта.....

Машина қимылын жасау.

Ат қимылын жасау.

Құс қимылын жасау.

Оқитын жазатын бала қимылын жасау.

Тәрбиеші жаттау кім біледі балалар?Балабақша мектеп оқу құралдары туралы?Мектепке дайынбыз ба?Балалар жауап береді.

Нұрали : Бала бала, баламыз.

Балабақшаға барамыз.

Куні бойы қызыққа .

Батамызда қаламыз.

Әбубәкір : ... Бар әріпке бас болған

Әліппе білім анасы.

Әліппеден басталған.

Даналықтың данасы.

Мұхамедали :Біз мектепке барамыз.

Қолға қалам алам

Жазудыда жазамыз.

Суреттіде саламыз.

Рауан: Мектебің мынау класың.

Осында он жыл тұрасың.

Тарыдай болып кіресің.

Таудай болып шығасың.

Тәрбиеші :балалар қонақ келіпті шақырайық,

Салеметсіңдерме балалар?Жас ғалым мен болам.

Сендер сияқты өнер-білімге құштармын білімдеріңді тексерейін?

Ми шабуыл жасап алайық Логикалық сұрақтарға жауап беріңдер?

1)5-алма неше балаға толық жетеді?

2) 4-қоянда неше аяқ?

3) 10 өрмекші көппе,10-қоңыз көппе?

4) 4+4-5+2 нешеге тең болады?

Балалар жауап береді.

Жас ғалым енді жұмбақ жасырайын ойларың жуйрікпе?

1...Ұшып журген гүл көрдім.

Қонғанда ұстап үлгердім. \ көбелек\

2...Кундіз көзі көрмейді.

Тунде тышқан аулайды. \ үкі \

3..Кішкене ғана бойы бар.

Айналдырып киген тоны бар. \ Қой \

4... Өзі қу жүрген жері айқай шу.  \түлкі\

Жас ғалым тапқыр екенсіңдер ойын ойнайық.

Ғажайып алаң :Ойын шарты:Мына ғажайып аланды айналдырып тоқтаған тұстағы тапсырманы орындап

шығасыңдар.Ойынға 4-бала қатысады.

Айналдырып тоқтаған тұстағы тапсырманы жасауы тиіс .

1-ші тапсырма. Өз бетіңше есеп құра шығар?

2-ші тапсырма.Дауысты әріптерді бір бөлек ,дауыссыз әріпті бір бөлек қой.

3-ші тапсырма.Дене мүшелерін қазақша орысша ата?

4-ші тапсырма.Суреттегі заттарға сөйлем құра?

5-ші тапсырма.Ертегілер атауын атап бер?

Жас ғалым риза болып Қоржынындағы соңғы қызықты тапсырманы орындауды тапсырады .

Саусақ жаттығуы.

Бала бала балақан.

Қане қайсы алақан .

Саусақтарың әйбат.

Былай-былай ойнат.

Балалар топқа бөлініп түрлі тапсырмалар орындайды.

1-ші топ.Қағазда берілген заттарды санап тұсына санын   жазады.

2-ші топ.Кім болам тақырыбында қыстыру технологиясымен жұмыс жасайды.

3-ші топ.Буындардың жалғасын тауып сызып көрсетеді.

4-ші топ.Танграм пішіндерінен кітап жасайды.

5-ші топ.Балауызбен жазылған сөзді есепті бояп шыққан сөзді оқиды.

Жас ғалым рахметін айтып сыйлықты оқу қызметінен соң беруді тәрбиешіге тапсырады.

Мектебім әні қосылып .Айпад ұстаған бала кіріп келеді жур достым мына балаларды ойнауға ертіп кетейік оқымай-ақ қойсын. Сәлеметсіңдерме балалар екі дос  біз сияқты Жарас Аян велик теуіп ойын ойнап ,журмейсіңдерме балалар кім бізге қосылады?Балалар Аян досым оқыған ұнатпайды ,мен болсам ,оқуды ұнатам 5-ке оқимын.Қайсымыздыкі дұрыс дейді балалар жауап береді.

- Аян көөөп оқысаң көз ауырады көзілдірік тағасың несі жақсы дейді. Аян Білім инемен құдық қазғандай деген оқыған дұрыс дейді. Абай Әл-Фараби бабамыз білімімен тарихта қалды дегенде ойланып Аян ойланып әлі кеш емеспа үлгерем бе дейді.
- Жарас кеш емес мына балаларға оқып үлгілі бол дейді.Екеуі балаларға ақ жол тілеп шығып кетеді.

Тәрбиеші Шығармашылық жұмыс жасаймыз. Көзімізді жұмып ойша саяхаттап алайық.Болашақта кім болам ?Балалар жауап береді .Балалардан алған әсерлерін сұрап шығармашылық жасатады.

Кім болам?... Балалар берілген ақпараққа пломастермен

Қандай мамандық иесі болатынын жазады.

Тәрбиеші :Балаларға сұрақ –жауап әдісімен оқу қызметіне байланысты сұрақтарын беріп оқу қызметін бекітіп смайликтермен бағалап Жас ғалым сыйлығын береді.







